

«№40 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің кезектен тыс №6 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

20 маусым 2024 жыл

Ақтөбе қаласы

Күн тәртібінде

1. «№40 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің 2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылдарының қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмысын талқылау туралы Ж.У.Терекова

Тыңдалды:

Ж.У.Терекова-мектеп директоры,комиссия төрағасы

1. «№40 жалпы білім беретін орта мектебі»КММ-нің 2024 жылдың 20 маусым күнгі кезектен тыс өткізілген №6 педагогикалық кеңесінің шешімінің орындалуы бойынша 2021-2022,2022-2023,2023-2024оқу жылдарында атқарылған жұмыстарға тоқталып,қорытынды анықтамамен таныстырды.Мектеп ұжымның алдына қойылған басты міндет-мектептің атқарылып жатқан қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу болатын.Ағымдағы жылдың 1 наурызы мен 20 маусымы аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы,Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы «Бастауыш,негізгі орта,жалпы орта,техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі,діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» №473 бұйрығы,Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» әдістемелік ұсынымы басшылыққа алынды.

Бекітілген комиссия мүшелерінің құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітіген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың,бастауыш,негізгі орта ,жалпы орта,техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығының талаптарына сәйкес оқу-тәрбие жұмысын іске асыру, сабақтан тыс іс – әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру, бейінді оқытуды іске асыру өлшемшарттары бойынша зерделеу жүргізді.

Ұжым алдында өзін –өзі бағалау өлшемшарттары бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстыру үшін сөз комиссия мүшелеріне берілді.

СӨЙЛЕУШІЛЕР:

1.Колганатова А.Ж. – комиссия мүшесі, директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары :Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 1,2 -параграфтарының нақты бағыттары негізінде мектепалды кластарындағы, 1-11 сыныптардағы жұмыстар зерделеніп, өзін –өзі бағалау жүргізілді:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының іске асырылуы;

2. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды кластарындағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптары;
3. Білім алушылардың рухани – адамгершілік, азаматтық – патриоттық, көркемдік – эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс – әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс – әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастырылуы мен оқу мерзіміне қойылатын талаптары;
4. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптары;
5. Бағалау өлшемшарттарында берілген 7-13-қосымшалар бойынша педагогтердің бейіні бойынша дипломдары, біліктілік санаттары, мектептің материалдық базасы;

Аталған бұйрықтың 1-2 параграф өлшемшарттары талаптарына сәйкес 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы мектептің оқу- тәрбие процесінің жылдық жұмыс жоспарлары, жұмыс оқу жоспарымен сабақ кестелерінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкестігі зерделенді. Зерделеу қорытындысымен таныстыра келе, зерделеу барысында әр бөлім бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстарға тоқталды. Зерделеу барысында оқыту нәтижелерін анықтау үшін 4,9- кластардан онлайн форматында тест алынғандығы, мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының жалпы талаптарына сәйкестігі ұсынатын білім беру қызметтерін талдау жолында, тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің, біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің үлестерінде пайызымыздың жеткілікті деңгейде болғандығын айтты.

2. Бекмуханова А.Х. – комиссия мүшесі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2 - қосымша 2 - тарау 25- тармағы, 3- қосымша 4-тарау 56- тармағы, 4- қосымша 4- тарау 50- тармағы бойынша «Kundelik.kz», «Bilimclass.kz» электронды журналдары арқылы күнтізбелік – тақырыптық жоспарлары зерделенді. Мектеп бойынша тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жасалған жағдайды анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптің, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің сақталуын, педагогикалық кадрлармен жасақталуы және білім беру процесін материалдық – техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету туралы мәліметтерді беру үшін әдістемелік ұсынымның 7,8,9,10,11,12 -қосымшалары толтырылды.

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының 1-қосымшасындағы «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына» 2-қосымшасындағы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауына арналған өлшемшарттарына» сәйкес 4- қосымша бағалау парағы толтырылған кесте көрсетіліп, күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқылана отырып педагогикалық кеңесте төмендегідей шешім қабылданды:

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. «№ 40 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мекемесінің қызметіне жүргізілген өзін – өзі бағалау нәтижесінде анықталған кемшіліктер бойынша кешенді жоспар құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізу;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, білім беру қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының деңгейіне сәйкес жақсы «үлгілі» деп бағалау.
3. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, білім беру қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының деңгейіне сәйкес «үлгілі» деп бағалау.
4. Өзін –өзі бағалау жөніндегі есеп, білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізу; /ата – аналар, білім алушылар, мектеп жанынан құрылған қамқоршылық кеңес құрамына/
5. Мектеп қызметіне жүргізілген өзін –өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес құрамының алдында есеп беру.
6. Өзін –өзі бағалау есебін мектептің интернет-ресурсында жариялау.

Педагогикалық кеңесінің төрағасы:

Ж.У.Терекова

Хатшы:

А.Қ.Миымова

